ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

Нұсқау: *Оқу сауаттылығы бойынша 3 мәтін және олардың мазмұны бойынша құрастырылған бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі.*

1-мәтін

1. Қазіргі кезде қарапайым адамдар осындай сауалға жауап іздейді. Мәселен, Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) құруға ұмтылған үш мемлекет өзінің тауарлары, қызмет түрлері және жұмыс күшін біріктіргеннен не ұтады? Адам капиталының (жұмыс күшінің) еркін қозғалысы қарапайым азаматтарға не береді? Мұндай сауалдардың нақты әрі қарапайым жауаптары бар.

2. Біріншіден, экономикалық интеграцияның нәтижесінде қарапайым қазақстандықтар тауарлар мен қызмет түрлерін таңдаудың үлкен мүмкіндіктеріне ие болады. Ортақ нарықтағы ашық бәсекелестік сырттан импортталатын және жергілікті жерде өндірілетін өнімдердің бағасын төмендетуге септігін тигізеді. Тұтынушылар үшін ең басты артықшылық – ЕЭО-ға мүше елдерде шығарылған тауарлардың сапасына жоғары талап қою. Мысалы, Ресейде шұжық өнімдерінің құрамы 60 пайыз еттен тұрады. Ал Қазақстанда құрамында 5-тен 20 пайызға дейін еті бар өнімдерді шұжық өнімдеріне жатқызамыз. Бірыңғай техникалық реттеу шаралары енгізілген соң, өнімдер сапасы да жоғарылайды.

3. Интеграцияның екінші бір артықшылығы – серіктес елдердің тұтыну нарығына бағытталған өндірушілердің бірлескен өндірісін ашу және бұрынғы өндірісті кеңейту есебінен жаңа жұмыс орындарының пайда болуы. Осының бәрі жұмыссыздықты азайтып, халықтың әл-ауқатының өсуіне жағдай жасайды. Оның үстіне Қазақстан басқалармен салыстырғанда аса маңызды бәсекелік артықшылықтарға ие. Өте қолайлы инвестициялық климат, жеңілдетілген салық жүйесі, бизнесті оңай тіркеу – осылардың арқасында үздік технологиялар мен инвестицияларды магнитше тартып отырмыз. Сонымен қоса шетелдік кәсіпкерлер мен инвесторлар елдегі саяси тұрақтылыққа ерекше назар аударады.

4. Біздің ең үлкен артықшылығымыз – қоғамдағы бірлік пен ұлтаралық татулық. Осыған көз жеткізген ресейлік, беларустық және т.б. ірі-ірі өндірушілер Қазақстанда бірлескен кәсіпорындарын ашуда. Мысалы, Ресейдегі әйгілі «КамАЗ» компаниясы Көкшетауда «КАМАЗ-Инжиниринг» бірлескен кәсіпорынын ашты. Осы кәсіпорында электрлі-газды қозғалтқышпен жүретін гибридті жүк автокөлігін шығару қолға алынды.

5. Үшіншіден, ортақ нарықтың ішіндегі еңбек көші-қонының шаралары да айтарлықтай жеңілдетіледі. Бірыңғай экономикалық кеңістікке (БЭК) кіретін елдердің барлық азаматтары Қазақстанда, Ресейде және Беларусьта жұмысқа орналасу кезінде тең құқықтар мен міндеттерге ие болады. Адам капиталының еркін қозғалуы БЭК-ке қатысушы елдердің бірінде жұмысқа орналасарда уақытты қысқартуға және рәсімдерді жеңілдетуге мүмкіндік береді.

1. 4-азатжолдағы автор көзқарасын дәлелдейтін сөйлем
   A) Интеграцияның екінші бір артықшылығы – жаңа жұмыс орындарының пайда болуы.
   B) Ресейлік, беларустық және т.б. ірі-ірі өндірушілер Қазақстанда бірлескен кәсіпорындарын ашуда.
   C) Біздің басты артықшылығымыз – қоғамдағы бірлік пен ұлтаралық татулық.
   D) Өте қолайлы инвестициялық климат үздік технологиялар мен инвестицияларды тартады.
2. Шетел өндірушілерінің Қазақстанда кәсіпорындар ашуға қызығушылық таныту себебі
   A) қазақи менталитет
   B) елдегі тұрақтылық
   C) климаттық ерекшелік
   D) арзан өнім ала алады
3. Интеграцияның басқа елге қарағанда Қазақстан үшін артықшылығы
   A) Серіктес елдердің тұтыну нарығына басшылық жасаймыз.
   B) Халықтың әл-ауқатын, білімін жоғарылату мүмкіндігі бар.
   C) Жеңілдетілген салық арқасында инвестицияны көп тарта аламыз.
   D) Шетелден келген азаматтарды тез рәсімдеп, тіркеуге ыңғайлы.
4. Экономикалық интеграцияның тұтынушылар үшін басты артықшылығы
   A) жаңа қызмет саласын табу
   B) тауарлар сапасына талап қою
   C) қайтарымы бар салық түрі
   D) ел ішінде татулықты нығайту
5. Мәтіннің 5-бөлігінде кездесетін ақпарат
   A) ЕЭО-ға кіретін мемлекет адамының жұмысқа кіру құқы бірдей.
   B) ЕЭО-дағы үш мемлекет өз тауарларымен алмаса алады.
   C) Жергілікті өндірілетін өнімдердің бағасын төмендетеді.
   D) Өндірісті кеңейту үшін жаңа жұмыс орнын ашуға болады.

2-мәтін

Белгісіз бір заманда Қорғалжын ауданы, Майшұқыр ауылында Сержан атты бай тұрыпты. Кезінде ауылдағы билік өз қолында болған бай өзі тойса да, көзі тоймайтын дүниеқоңыз, сараң адам болған екен. Бар билік қолында болғандықтан халықты қанап, қыстап, ойына келгенін істеген. Өзінің қара басын ғана ойлаған. Ауылдағы ең шұрайлы жер де, өзен-көлдер де соның қарамағында болған. Иелігіндегі суды, жерді халық пайдалана алмайтын. Себебі бай: «Менің дүниеме қол сұқсаң, ақысын төле», – деп пәле салады екен.

Күндердің күнінде ауылдың басына қара бұлт төнеді. Ауылда құрғақшылық болады. Ауыл шаруашылығының егістігі тұтас шықпай, құрғақшылықпен қатар, ашаршылық азабы қатар төнеді. Дәл сол тұста қарапайым халық байдан көмек сұрап, көлден егістікке су тартуды өтініш етіп келеді. Онда бай егістікке жіберілген судың есесіне олардың қорадағы күн көріс малдарын алатынын айтады. Әрине, амалы жоқ халық сараң Сержанның ұсынысына көнеді. Осылай егістігін аман алып қалған халық малдарынан айырылады. Дегенмен, қарапайым халықтың мұң-зарына құлақ түрмей, өз құлқынын ғана ойлаған байға да зауал келеді. Табын-табын малдары бірінен соң бірі белгісіз індетке шалдығып, қырыла бастайды. Арамдықпен жиған малдан түгі қалмаған бай амалсыз кедейлер қатарына қосылады. Кезінде менің көлім деп әмірлік жүргізген байды мұқатқысы келгендер көлді ауыл арасында «Атқырылған» деп атап жүреді екен. Кейін сол атау көлдің аты болып қалыпты.

6. Халықтың әрекеті
   A) Сержанмен ақылдасады
   B) Сержанға өтініш білдіреді
   C) Байдың ұсынысына көнбейді
   D) Бірігіп жұмыс жасайды
7. Көл атымен байланысты оқиға
   A) малдың жаппай қырылуы
   B) құрғақшылықтың басталуы
   C) халықтың зардап шегуі
   D) сараң байдың салығы
8. Мәтіннің мақсатты аудиториясы
   A) көпшілік
   B) үлкендер
   C) диқандар
   D) оқушылар
9. Сержан байдың іс-әрекеті
   A) халқына көмектеседі
   B) елімен ақылдасып, санасады
   C) жұрттың мұңын тыңдайды
   D) халықты қанайды

10. Мәтін мазмұнына сай ой реттілігі
    1. Ел басына төнген қатер
    2. Пәлеқор Сержан
    3. Сержанның ұсынысы
    4. Сержанға төнген зауал
    5. «Атқырылған» көлі
    A) 2.1.3.4.5.
    B) 1.3.5.2.4.
    C) 4.3.5.1.2.
    D) 2.3.1.5.4.

3-мәтін

1. Мысықтар – шынымен таңғажайып тіршілік иелері. Олар – өз қожайындарына шынайы дос қана емес, сонымен қатар үйдің жайлылық пен жылулық иесі. Көбіне олардың басты қасиеті адамдардың ауруын емдеу. Олар адамның көңіл күйі мен сырқат жерін сезіне алады.

2. Кейбір адамдар мысық терапиясы үшін (мысықтармен емдеу) үй жануарларының кейбір ерекше тұқымдары қажет деп ойлайды. Шындығында, үнемі үйде жүретін, адамдармен жақсы араласатын, өзін еркін ұстайтын кез келген мысық емдей алады. Сонымен қатар, мысықтың өзі сау болуы керек. Көп жылдық тәжірибе көрсеткендей, қара мысықтар басқа түсті мысықтарға қарағанда күшті қуат пен емдік қабілеттерге ие. Сондай-ақ, мамық жүнді мысықтар ұйқысыздықты, депрессияны және көптеген неврологиялық бұзылуларды жеңуге көмектесетін көрінеді. Сиам тұқымының өкілдері суық тиюді, қысқа жүнді мысықтар – бүйрек пен ас қорыту органдарын, ал британ тұқымды мысықтар – жүректі тиімді емдейді екен.

3. Мысықтар әдетте адам денесінің ауырсынуын сезінеді. Содан кейін олар өздері келіп, адамның ауырған жеріне келіп жайғасады. Олар ақырын келіп, табанымен ауырған жерді абайлап басады. Бұл кезде адам тыныштықты сезінеді. Ондай сәтте адам мысықты сипалап, тіпті сол сәтте емделіп жатқанын білмеуі де мүмкін. Мысықтар осылайша адам бойынан ауруды, жаман энергияны «шығарады».

4. Денсаулықтың адам өмірі үшін маңыздылығын білеміз бе? Мысықтар жүрек ауруын емдеп, қан қысымын тез қалыпқа келтіруге және ауырсынуды жеңілдетуге, тірек-қимыл аппаратының жұмысындағы бұзушылықтарды қалпына келтіруге көмектеседі.

5. Көптеген адамдар үйінде мысық ұстайды. Үй жануарларын емдік мақсатта пайдалану үшін қарапайым ережелерді есте сақтау керек. Мысық көңілі тыныш, тамағы тоқ, жақсы көңіл күйде болуы керек. Ол сізге неғұрлым жақын болса, емдік әсер соғұрлым тиімді болады. Жүректің ауырсынуын басу үшін күндіз мысықпен байланысу уақытын таңдаңыз. Тыныс алу жүйесінің жұмысындағы проблемаларды жеңу үшін таңертең бірнеше минуттық мысық терапиясын қабылдау керек. Егер сіздің үйіңізде мысық болса, оның қабілеттерін пайдаланып, әртүрлі аурулардан құтылыңыз. Осы үй жануары арқылы үлкен дерттердің алдын алуына болады.

11. Мәтін мазмұнын қорытындылайтын сөйлем

A) Ауру жүйкені бұзады, жүйке ұйқыны бұзады

B) Ауру желмен кіріп, термен шығады

C) Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде

D) Аурудың жақсысы жоқ, дәрінің тәттісі жоқ

12. Екінші азатжол мазмұнына сай келетін ақпарат
   A) Британ тұқымды мысықтардың басқа мысыққа қарағанда емдік қасиеті жоғары
   B) Мысықтың емі сүйектер мен буындардың потологиясын емдейді
   C) Мысықтар адам денесенің ауырсынуын тез сезінеді.
   D) Депрессияны жеңуге мамық жүнді мысықтар көмектеседі.
13. "2-азатжолға атау қойыңыз
   A) Сирек жануарлар түрлері
   B) Ауру айтып келмейді
   C) Асыл тұқымды мысықтар
   D) Үй «дәрігерлерінің» қасиеті
14. Жүректі тиімді емдейтін мысық түрі
   A) қысқа жүнді мысықтар
   B) мамық жүнді мысықтар
   C) сиам тұқымды мысықтар
   D) британ тұқымды мысықтар
15. Берілген мәтіннің негізгі мәтін мазмұнымен ортақ байланысы
   Халық емінде өсімдік және импорттық дәрілер көрнекті орын алады. Қазақстанның барлық аймақтарында емге жарамды өсімдіктер өсетінін халық ертеден білген. Халық медицинасы дәрілік шөптермен емдеуді өз тәжірибелеріне енгізіп, талай адамдарды емдеп жүр десек, қателеспейміз.
   A) Адам денсаулығын мысықпен емдеу тиімді екендігі айтылады
   B) Мысықтың ерекше қабілеттері мен емдік қасиеттері айтылады
   C) Адам денсаулығын өсімдікпен емдеу тиімді екендігі айтылады
   D) Адам денсаулығын емдеудің тиімді жолдарын қарастырады